



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ**  
**ЗАҢЫ**  
**ЗАКОН**  
**РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инновациялық қызмет саласын мемлекеттік қолдау жүйесін жетілдіру және мемлекеттік статистика мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Жалпы бөлім):

93-баптың 2-тармағындағы «Инновациялық технологиялар паркі» деген сөздер «Астана Хаб» деген сөздермен ауыстырылсын.

2. 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне:

1) 98-баптың 1-тармағы екінші бөлігінің 4) тармақшасы алып тасталсын;

2) 100-1-баптың 2-тармағының 4) тармақшасы алып тасталсын;

3) 103-баптың 3) тармақшасындағы «Технологиялық саясат жөніндегі кеңесте қарау үшін» деген сөздер алып тасталып, «тұғырнамаларды ұйымдастыру жөнінде ұсыныстар» деген сөздер «платформаларды ұйымдастыру жөніндегі ұсыныстарды инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті органға қарау үшін» деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 241-4-баптың 2-тармағында:

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Мемлекеттік технологиялық саясатты қалыптастыру және іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Қазақстан Республикасының Жоғары ғылыми-техникалық комиссиясы жұмыс істейді.»;

екінші бөлікте:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Қазақстан Республикасының Жоғары ғылыми-техникалық комиссиясының негізгі міндеттері мыналар болып табылады:»;

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«5) мемлекеттік органдардың нысаналы технологиялық бағдарламаларды бекіту және салаларда технологиялық платформаларды ұйымдастыру бойынша бастамаларын қарау;»;

мынадай мазмұндағы 6) тармақшамен толықтырылсын:

«6) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де міндеттер.»;

5) 241-6-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы алтыншы бөлікпен толықтырылсын:

«Венчурлік қорларды қоса қаржыландыру жөніндегі инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау шараларын ұсыну және іске асыру тиімділігін бағалау инновациялық қызметтің нарықтық перспективаларының беймәлімділігімен сипатталатын жоғары кәсіпкерлік тәуекел мен салынған қаржылық және өзге де ресурстардың ысырабы ескеріле отырып, ұзақ мерзімді перспективада осындай венчурлік қорлар активтерінің (бүкіл портфелінің) кірістілігі (шығындылығы) негізінде жүзеге асырылады.»;

6) 241-8-бапта:

тақырып пен 1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«241-8-бап. Венчурлік қорларды қоса қаржыландыру

1. Венчурлік қорларды қоса қаржыландыруды инновациялық қызметті мемлекеттік қолдауға қатысатын инновациялық жүйе субъектілері венчурлік қорларды қоса қаржыландырудың нысаналы көрсеткіштерін қоса алғанда, инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен конкурстық негізде жүзеге асырады.»;

3-тармақ алып тасталсын;

7) 23-1-тарау мынадай мазмұндағы 241-11-баппен толықтырылсын:

«241-11-бап. Ұлттық инновациялық жүйенің «бірыңғай терезесі»

1. Инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау, көмірсутектер, уран өндіру, пайдалы қатты қазбалар, өнеркәсіп пен ғылымды мемлекеттік ынталандыру саласындағы уәкілетті органдар инновациялық даму саласындағы ақпаратты ұлттық инновациялық жүйенің даму мониторингін қамтамасыз ету қағидаларына сәйкес Ұлттық инновациялық жүйенің «бірыңғай терезесіне» беруді қамтамасыз етеді.

2. Ұлттық инновациялық жүйенің «бірыңғай терезесі» деп инновациялық қызметті қолдау туралы, оның ішінде бірыңғай портал арқылы мемлекеттік қолдау шаралары мен инновациялар туралы ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз ететін ақпараттық жүйе түсініледі. «Астана Хаб» дербес кластерлік қоры Ұлттық инновациялық жүйенің «бірыңғай терезесін» құруды, дамытуды және сүйемелдеуді қамтамасыз етуге уәкілеттік берілген ұйым болып табылады.

3. Инновациялық даму саласындағы ақпарат деп инновациялық қызметті қолдау туралы, оның ішінде инновациялық қызметті мемлекеттік

қолдау, көмірсутектер, уран өндіру, пайдалы қатты қазбалар, өнеркәсіп пен ғылымды мемлекеттік ынталандыру саласындағы уәкілетті органдар жүзеге асыратын мемлекеттік қолдау шаралары мен инновациялар туралы мәліметтерді, жер қойнауын пайдаланушылардың Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және (немесе) тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды және (немесе) цифрландыру жобаларын қаржыландыру саласындағы міндеттемелерін орындау процестері мен нәтижелері туралы мәліметтерді қамтитын ақпарат түсініледі.».

3. «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» 1995 жылғы 17 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына:

14-2-баптың бірінші бөлігінің б) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«б) экономикалық қызмет түрлері өзгерген және (немесе) толықтырылған;».

4. «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» 2001 жылғы 16 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 16-баптың 4-тармағы екінші бөлігінің 2) тармақшасындағы «Инновациялық технологиялар паркі» деген сөздер «Астана Хаб» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 19-баптың 1-тармағының төртінші бөлігіндегі «Инновациялық технологиялар паркі» деген сөздер «Астана Хаб» деген сөздермен ауыстырылсын.

5. «Акционерлік қоғамдар туралы» 2003 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына:

86-баптың 1-тармағының екінші бөлігіндегі «Инновациялық технологиялар паркі» деген сөздер «Астана Хаб» деген сөздермен ауыстырылсын.

6. «Байланыс туралы» 2004 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

15-3-бап мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын байланыс операторлары және (немесе) байланыс желілерін иеленушілер абоненттер туралы иесіздендірілген деректерді үшінші тұлғаларға бермей, статистикалық қызметті жүзеге асыру үшін мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органға Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетімен келісу бойынша мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен ұсынады.».

7. «Халықтың көші-қоны туралы» 2011 жылғы 22 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 6-баптың 1-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Еңбек қызметін жүзеге асыруды қоса алғанда, «Астана Хаб» дербес кластерлік қорында және «Астана Хаб» қатысушыларында қызметін жүзеге асыру үшін көшіп келушілердің келу, кету және болу ерекшеліктері «Астана Хаб» инновациялық кластері туралы» Қазақстан Республикасының Заңында айқындалады.»;

2) 36-1-баптың 2-тармағының 9) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«9) «Астана Хаб» дербес кластерлік қорында немесе «Астана Хаб» қатысушыларында басшылар және жоғары білімді мамандар лауазымдарында жұмыс істейтін шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға қолданылмайды.».

8. «Инновациялық технологиялар паркі» инновациялық кластері туралы» 2014 жылғы 10 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

«Астана Хаб» инновациялық кластері туралы»;

2) кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

«Осы Заң «Астана Хаб» инновациялық кластерінің құқықтық мәртебесін айқындайды.»;

3) 1-бапта:

1), 2) және 3) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«1) акселерация – инновациялық қызмет субъектілерінің инновациялық жобаларын қарқынды дамыту мақсатында оларды даярлау мен оқыту процесі;

2) «Астана Хаб» дербес кластерлік қоры (бұдан әрі – Қор) – Қазақстан Республикасының Үкіметі құрған және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген функцияларды орындайтын коммерциялық емес ұйым;

3) «Астана Хаб» инновациялық кластері (бұдан әрі – инновациялық кластер) – өзара іс-қимыл жасау және қолда бар мүмкіндіктерді бірлесіп пайдалану, білім мен тәжірибе алмасу, зерттеулер жүргізу, технологияларды тиімді беру, орнықты әріптестік байланыстарды жолға қою және ақпарат тарату арқылы инновациялық қызметті, оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы инновациялық қызметті ынталандыруға арналған инновациялық кластер қатысушыларының бірлестігі»;

4) тармақшада:

«Инновациялық технологиялар паркі» деген сөздер «Астана Хаб» деген сөздермен ауыстырылсын;

«қатысушының жобасы» деген сөздер «инновациялық кластер қатысушысының жобасы» деген сөздермен ауыстырылсын;

«жаңа немесе жетілдірілген өндірістерді, технологияларды, тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді жасауға» деген сөздер «өндірістерді, технологияларды, тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді жасауға немесе жетілдіруге» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 4-1) және 4-2) тармақшалармен толықтырылсын:

«4-1) «Астана Хаб» қатысушылары – ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен «Астана Хаб» қатысушылары ретінде тіркелген заңды тұлғалар;

4-2) «Инновациялық технологиялар паркі» арнайы экономикалық аймағы – Қазақстан Республикасының арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар туралы заңнамасына сәйкес құрылған, ақпараттық-коммуникациялық және инновациялық технологиялар саласындағы арнайы экономикалық аймақ;»;

5) тармақша «инновациялық технологияларды» деген сөздерден кейін «, оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды» деген сөздермен толықтырылсын;

7) тармақшадағы «өнеркәсіптік-инновациялық» деген сөздер «инновациялық» деген сөзбен ауыстырылсын;

4) 3-бап «жәрдем көрсету» деген сөздерден кейін «, сондай-ақ инновациялық қызметті іске асыру үшін жағдайлар жасау» деген сөздермен толықтырылсын;

5) 4-баптың 2) және 5) тармақшаларындағы «қатысушылардың» деген сөз «, инновациялық кластер қатысушыларының» деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 7-баптың 2-тармағында:

2) тармақшада:

«Қамқоршылық кеңес» деген сөздер «Қор» деген сөзбен ауыстырылсын;

«заңды тұлғалар инновациялық кластердің қатысушылары болып табылады.» деген сөздер «заңды тұлғалар, сондай-ақ инновациялық қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғалар;» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

«2-1) «Астана Хаб» қатысушылары инновациялық кластердің қатысушылары болып табылады;»;

7) 2-тарау мынадай мазмұндағы 7-1-баппен толықтырылсын:

«7-1-бап. Қордың және «Астана Хаб» қатысушыларының шетелдік жұмыс күшін тарту ерекшеліктері

1. Қорда қызметін жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының аумағына келетін шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелерінде не Қазақстан Республикасының халықаралық әуежайларына келгеннен кейін Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органымен келісу бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кіру визасын алады.

2. «Астана Хаб» қатысушыларының жұмыскерлері немесе Қордың жұмыскерлері болып табылатын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар, олардың отбасы мүшелері (жұбайы (зайыбы), олардың балалары мен асырауындағы адамдар (растайтын құжаттар болған кезде) қолданылу мерзімі бес жылға дейінгі кіру визасын алады.

3. Қор өзі және «Астана Хаб» қатысушылары тартқан шетелдік жұмыс күшін есепке алуды жүргізеді. Қор тартқан шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар туралы мәліметтер халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті органға және Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетіне ұсынылады. Халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті органға және Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетіне ұсынылатын мәліметтердің құрамын, оларды ұсыну мерзімділігі мен тәртібін халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті органмен және Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетімен келісу бойынша ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган айқындайды.

4. Қорда және «Астана Хаб» қатысушыларында әрбір тартылған шетелдік пен азаматтығы жоқ адам бойынша олардың біліктілігін растайтын құжаттардың болуы және сақталуы міндетті.

5. Осы баптың 2-тармағында көрсетілген адамдардың визаларының қолданылу мерзімін ұзарту Қордың өтінішхаты бойынша олар Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерлерге шықпастан, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылуы мүмкін.»;

8) 3-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«3-тарау. Қорды басқару ерекшеліктері»;

9) 8-бап алып тасталсын;

10) 8-1-бапта:

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«5) инвестициялық қорлар құру және оларға үлестік қатысу, оның ішінде шетелдік инвестициялық қорларға үлестік қатысу;»;

мынадай мазмұндағы 5-1), 5-2), 5-3), 5-4), 5-5), 5-6), 5-7), 5-8), 5-9), 5-10) және 5-11) тармақшалармен толықтырылсын:

«5-1) инновациялық қызмет субъектілеріне акселерациялау, технологиялық бизнес-инкубациялау қызметтерін көрсету;

5-2) инновациялық қызмет субъектілеріне маркетингтік іс-шараларды өткізу бойынша көрсетілетін қызметтерді ұсыну;

5-3) инновациялық қызмет субъектілеріне консультациялық, ақпараттық, талдамалық, білім берушілік және өзге де іс-шараларды өткізу бойынша қызметтер көрсету;

5-4) инновациялық кластер қатысушыларының жобаларын дамытуды ынталандыру, халықаралық тәжірибені зерделеу мен білім алмасу үшін ақпараттық, білім берушілік және қаржылық ресурстарды тарту мақсатында халықаралық ұйымдармен, шетелдік әріптестермен ынтымақтастық жасау;

5-5) Қордың бағдарламалары бойынша оқытудан өту үшін шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың визалар алуына шақыртулар, өтінішхаттар жіберу;

5-6) Қорға қатысу үшін Қазақстан Республикасының бейрезиденттері мен резиденттерін Қор қызметінің қағидаларына сәйкес тарту;

5-7) Қор қызметінің қағидаларына сәйкес, «Астана Хаб» қатысушыларын тіркеу және тиісті растаушы құжаттар беру;

5-8) Қор қызметінің қағидаларына сәйкес, Қорда акселерациядан өтетін адамдарға тұрғынжай беру және оларға жағдай жасау;

5-9) инновациялық кластер қатысушылары арасындағы өзара іс-қимылды жетілдіру мақсатында корпоративтік секторда инновацияларды дамытуға бағытталған іс-шараларды өткізуге және ұйымдастыруға жәрдем көрсету;

5-10) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласында білікті кадрлар даярлауды ұйымдастыру;

5-11) инновациялық кластер қатысушыларының тізбесін бекіту;»;

11) 9-баптың 4-тармағының төртінші бөлігі мынадай мазмұндағы 3), 4), 5) және 6) тармақшалармен толықтырылсын:

«3) Қордың қызметін үйлестіруді жүзеге асырады;

4) Қор қызметінің қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

5) ғылыми ұйымдар, тәуекелмен инвестицияланатын акционерлік инвестициялық қорлар, білім беру ұйымдары, технологиялық парктер, салалық конструкторлық бюролар, технологияларды коммерцияландыру орталықтары, ұлттық даму институттары, ұлттық басқарушы холдингтер, ұлттық холдингтер, ұлттық компаниялар мәртебесі бар заңды тұлғаларды, сондай-ақ инновациялық қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғаларды инновациялық кластер қатысушыларының тізбесіне енгізу қағидаларын бекітеді;

6) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;

12) 10-бапта:

1-тармақта:

2) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 4-2) тармақшамен толықтырылсын:

«4-2) «Астана Хаб» қатысушылары Қор қызметінің қағидаларына сәйкес Қорға енгізетін мүшелік жарналар;»;

2-1-тармақтағы «қатысушылардың» деген сөз «инновациялық кластер қатысушыларының» деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақ алып тасталсын;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Қор осы баптың 1-тармағына сәйкес қалыптастырылған мүлкті инновациялық кластердің қызметін қамтамасыз ету, жұмыс істеуі және оны дамыту, сондай-ақ инновациялық кластер қатысушыларының жобаларын қаржыландыру үшін пайдаланады.».

9. «Ақпараттандыру туралы» 2015 жылғы 24 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына:

- 1) 1-бапта:
  - 33-1) және 33-2) тармақшалар алып тасталсын;
  - 55-2) тармақша алып тасталсын;
- 2) 7-баптың 24-1) және 59-1) тармақшалары алып тасталсын;
- 3) 13-1-бап алып тасталсын.

10. «Арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар туралы» 2019 жылғы 3 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1-баптың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) арнайы экономикалық аймақтың басқарушы компаниясы – арнайы экономикалық аймақтың жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін осы Заңға сәйкес құрылатын немесе айқындалатын заңды тұлға;».

11. «Өнеркәсіптік саясат туралы» 2021 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 18-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Инновациялық қызмет субъектілеріне жұмыс істеудің бастапқы кезеңінде оларға үй-жайлар, жабдық беру, бухгалтерлік есепке алуды жүргізу, заңдық, ақпараттық және консультациялық сүйемелдеу, инвестициялар тарту, жобаларды басқару бойынша қызметтердің, сондай-ақ инновациялық жобаларды іске асыру үшін қажетті өзге де қызметтердің көрсетілуін білдіретін бизнес-инкубациялау технопарктер қызметінің негізгі түрі болып табылады.»;

2) 24-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Тиісті саланы технологиялық дамыту мақсаттары үшін мемлекеттік органдар айқындайтын, салалық және салааралық сипаттағы тиісті құзыреттерге ие сарапшылары бар заңды тұлғалар технологиялық құзыреттердің салалық орталықтары болып табылады.»;

3) 56-баптың 4-тармағы алып тасталсын.

12. «Ғылым және технологиялық саясат туралы» 2024 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 18-баптың 4) тармақшасы алып тасталсын;

2) 20-баптың 3-тармағы мынадай мазмұндағы 8) тармақшамен толықтырылсын:

«8) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де міндеттер.».

2-бап. Осы Заң алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізілетін 1-баптың 2-тармағының 7) тармақшасын, 3 және 6-тармақтарын, 9-тармағының 1) тармақшасының үшінші абзацын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң

қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының  
Президенті  
Қ. ТОҚАЕВ**



Астана, Ақорда, 2025 жылғы 27 қыркүйек

№ 220-VIII ҚРЗ



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ**  
**ЗАҢЫ**  
**ЗАКОН**  
**РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам совершенствования системы государственной поддержки отрасли инновационной деятельности и государственной статистики**

Статья 1. Внести изменения и дополнения в следующие законодательные акты Республики Казахстан:

1. В Гражданский кодекс Республики Казахстан (Общая часть) от 27 декабря 1994 года:

в пункте 2 статьи 93 слова «Парк инновационных технологий» заменить словами «Астана Хаб».

2. В Предпринимательский кодекс Республики Казахстан от 29 октября 2015 года:

1) подпункт 4) части второй пункта 1 статьи 98 исключить;

2) подпункт 4) пункта 2 статьи 100-1 исключить;

3) в подпункте 3) статьи 103 слова «на Совете по технологической политике» заменить словами «в уполномоченный орган в области государственной поддержки инновационной деятельности»;

4) в пункте 2 статьи 241-4:

часть первую изложить в следующей редакции:

«2. В целях формирования и реализации государственной технологической политики функционирует Высшая научно-техническая комиссия Республики Казахстан при Правительстве Республики Казахстан.»;

в части второй:

абзац первый изложить в следующей редакции:

«Основными задачами Высшей научно-технической комиссии Республики Казахстан при Правительстве Республики Казахстан являются:»;

подпункт 5) изложить в следующей редакции:

«5) рассмотрение инициатив государственных органов по утверждению целевых технологических программ и организации технологических платформ в отраслях;»;

дополнить подпунктом 6) следующего содержания:

«6) иные задачи в соответствии с законами Республики Казахстан.»;

5) пункт 2 статьи 241-6 дополнить частью шестой следующего содержания:

«Оценка эффективности предоставления и реализации мер государственной поддержки инновационной деятельности по софинансированию венчурных фондов осуществляется на основе доходности (убыточности) активов (всего портфеля) таких венчурных фондов в долгосрочной перспективе с учетом высокого предпринимательского риска, характеризующегося неопределенностью рыночных перспектив инновационной деятельности и потерь, вложенных финансовых и иных ресурсов.»;

б) в статье 241-8:

заголовок и пункт 1 изложить в следующей редакции:

«Статья 241-8. Софинансирование венчурных фондов

1. Софинансирование венчурных фондов осуществляется на конкурсной основе субъектами инновационной системы, участвующими в государственной поддержке инновационной деятельности, в порядке, определяемом уполномоченным органом в области государственной поддержки инновационной деятельности, включая целевые показатели софинансирования венчурных фондов.»;

пункт 3 исключить;

7) главу 23-1 дополнить статьей 241-11 следующего содержания:

«Статья 241-11. «Единое окно» национальной  
инновационной системы

1. Уполномоченные органы в области государственной поддержки инновационной деятельности, углеводородов, добычи урана, твердых полезных ископаемых, государственного стимулирования промышленности и науки обеспечивают предоставление информации в области инновационного развития в «Единое окно» национальной инновационной системы в соответствии с правилами обеспечения мониторинга развития национальной инновационной системы.

2. Под «Единым окном» национальной инновационной системы понимается информационная система, обеспечивающая доступ к информации о поддержке инновационной деятельности, в том числе о мерах государственной поддержки и об инновациях посредством единого портала. Организацией, уполномоченной на обеспечение создания, развития и сопровождения «Единого окна» национальной инновационной системы, является автономный кластерный фонд «Астана Хаб».

3. Под информацией в области инновационного развития понимается информация, содержащая сведения о поддержке инновационной деятельности, в том числе о мерах государственной поддержки и об инновациях, осуществляемых уполномоченными органами в области государственной поддержки инновационной деятельности, углеводородов, добычи урана, твердых полезных ископаемых, государственного стимулирования промышленности и науки, сведения о процессах и результатах выполнения обязательств недропользователей в области финансирования научно-исследовательских, научно-технических и (или) опытно-конструкторских работ и (или) проектов цифровизации, предусмотренных законодательством Республики Казахстан.».

3. В Закон Республики Казахстан от 17 апреля 1995 года «О государственной регистрации юридических лиц и учетной регистрации филиалов и представительств»:

подпункт б) части первой статьи 14-2 изложить в следующей редакции:  
«б) изменении и (или) дополнении видов экономической деятельности;».

4. В Закон Республики Казахстан от 16 января 2001 года «О некоммерческих организациях»:

1) в подпункте 2) части второй пункта 4 статьи 16 слова «Парк инновационных технологий» заменить словами «Астана Хаб»;

2) в части четвертой пункта 1 статьи 19 слова «Парк инновационных технологий» заменить словами «Астана Хаб».

5. В Закон Республики Казахстан от 13 мая 2003 года «Об акционерных обществах»:

в части второй пункта 1 статьи 86 слова «Парк инновационных технологий» заменить словами «Астана Хаб».

6. В Закон Республики Казахстан от 5 июля 2004 года «О связи»:  
статью 15-3 дополнить частью второй следующего содержания:

«Операторы связи и (или) владельцы сетей связи, осуществляющие деятельность на территории Республики Казахстан, представляют в уполномоченный орган в области государственной статистики для осуществления статистической деятельности без передачи третьим лицам обезличенные данные об абонентах в порядке, определяемом уполномоченным органом в области государственной статистики по согласованию с Комитетом национальной безопасности Республики Казахстан.».

7. В Закон Республики Казахстан от 22 июля 2011 года «О миграции населения»:

1) часть вторую пункта 1 статьи 6 изложить в следующей редакции:

«Особенности въезда, выезда и пребывания иммигрантов для осуществления деятельности в автономном кластерном фонде «Астана Хаб» и у участников «Астана Хаб», включая осуществление трудовой деятельности, определяются Законом Республики Казахстан «Об инновационном кластере «Астана Хаб».»;

2) подпункт 9) пункта 2 статьи 36-1 изложить в следующей редакции:

«9) работающих в автономном кластерном фонде «Астана Хаб» или у участников «Астана Хаб» на должностях руководителей и специалистов с высшим образованием.».

8. В Закон Республики Казахстан от 10 июня 2014 года «Об инновационном кластере «Парк инновационных технологий»:

1) заголовок изложить в следующей редакции:

«Об инновационном кластере «Астана Хаб»;

2) преамбулу изложить в следующей редакции:

«Настоящий Закон определяет правовой статус инновационного кластера «Астана Хаб».»;

3) в статье 1:

подпункты 1), 2) и 3) изложить в следующей редакции:

«1) акселерация – процесс подготовки и обучения субъектов инновационной деятельности с целью интенсивного развития их инновационных проектов;

2) автономный кластерный фонд «Астана Хаб» (далее – Фонд) – некоммерческая организация, созданная Правительством Республики Казахстан и выполняющая функции, предусмотренные законодательством Республики Казахстан;

3) инновационный кластер «Астана Хаб» (далее – инновационный кластер) – объединение участников инновационного кластера, призванных стимулировать инновационную деятельность, в том числе в области информационно-коммуникационных технологий, путем взаимодействия и совместного использования имеющихся возможностей, обмена знаниями и опытом, проведения исследований, эффективной передачи технологий, налаживания устойчивых партнерских связей и распространения информации;»;

в подпункте 4):

слова «Парк инновационных технологий» заменить словами «Астана Хаб»;

после слов «(далее – проект участника» дополнить словами «инновационного кластера»;

слова «новых или усовершенствованных» заменить словами «или усовершенствование»;

дополнить подпунктами 4-1) и 4-2) следующего содержания:

«4-1) участники «Астана Хаб» – юридические лица, зарегистрированные в качестве участников «Астана Хаб» в порядке, определяемом уполномоченным органом в сфере информатизации;

4-2) специальная экономическая зона «Парк инновационных технологий» – специальная экономическая зона в отрасли информационно-коммуникационных и инновационных технологий, созданная в соответствии с законодательством Республики Казахстан о специальных экономических и индустриальных зонах;»;

подпункт 5) после слов «инновационных технологий,» дополнить словами «в том числе информационно-коммуникационных технологий,»;

в подпункте 7) слово «промышленно-инновационной» заменить словом «инновационной»;

4) статью 3 дополнить словами «, а также создания условий для реализации инновационной деятельности»;

5) подпункты 2) и 5) статьи 4 после слова «участников» дополнить словами «инновационного кластера»;

б) в пункте 2 статьи 7:

в подпункте 2):

после слова «компаний,» дополнить словами «а также юридические лица, осуществляющие инновационную деятельность,»;

слова «Попечительским советом» заменить словом «Фондом»;

дополнить подпунктом 2-1) следующего содержания:

«2-1) участники «Астана Хаб»;»;

7) главу 2 дополнить статьей 7-1 следующего содержания:

«Статья 7-1. Особенности привлечения Фондом и участниками «Астана Хаб» иностранной рабочей силы

1. Иностранцы и лица без гражданства, прибывающие на территорию Республики Казахстан для осуществления деятельности в Фонде, получают визу на въезд по согласованию с органом национальной безопасности Республики Казахстан в загранучреждениях Республики Казахстан либо по прибытии в международные аэропорты Республики Казахстан в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

2. Иностранцы и лица без гражданства, являющиеся работниками участников «Астана Хаб» или работниками Фонда, члены их семей (супруг (супруга), их дети и лица, находящиеся на их иждивении (при наличии подтверждающих документов), получают визу на въезд сроком действия до пяти лет.

3. Фонд ведет учет привлеченной им и участниками «Астана Хаб» иностранной рабочей силы. Сведения о привлеченных иностранцах и лицах без гражданства Фондом представляются в уполномоченный орган по вопросам миграции населения и Комитет национальной безопасности Республики Казахстан. Состав сведений, представляемых в уполномоченный орган по вопросам миграции населения и Комитет национальной безопасности

Республики Казахстан, периодичность и порядок их представления определяются уполномоченным органом в сфере информатизации по согласованию с уполномоченным органом по вопросам миграции населения и Комитетом национальной безопасности Республики Казахстан.

4. Фонд и участники «Астана Хаб» обязаны иметь в наличии и хранить по каждому привлеченному иностранцу и лицу без гражданства документы, подтверждающие их квалификацию.

5. Продление срока действия виз лицам, указанным в пункте 2 настоящей статьи, по ходатайству Фонда может осуществляться без выезда за пределы Республики Казахстан в соответствии с законодательством Республики Казахстан.»;

8) заголовок главы 3 изложить в следующей редакции:

«Глава 3. Особенности управления Фондом»;

9) статью 8 исключить;

10) в статье 8-1:

подпункт 5) изложить в следующей редакции:

«5) создание и долевое участие в инвестиционных фондах, в том числе долевое участие в зарубежных инвестиционных фондах;»;

дополнить подпунктами 5-1), 5-2), 5-3), 5-4), 5-5), 5-6), 5-7), 5-8), 5-9), 5-10) и 5-11) следующего содержания:

«5-1) оказание услуг акселерации, технологического бизнес-инкубирования субъектам инновационной деятельности;

5-2) предоставление услуг по проведению маркетинговых мероприятий субъектам инновационной деятельности;

5-3) оказание услуг по проведению консультационных, информационных, аналитических, образовательных и иных мероприятий субъектам инновационной деятельности;

5-4) сотрудничество с международными организациями, зарубежными партнерами с целью привлечения информационных, образовательных и финансовых ресурсов для стимулирования развития проектов участников инновационного кластера, изучения международного опыта и обмена знаниями;

5-5) направление приглашений, ходатайств на получение иностранцами и лицами без гражданства виз для прохождения обучения по программам Фонда;

5-6) привлечение нерезидентов и резидентов Республики Казахстан для участия в Фонде в соответствии с правилами деятельности Фонда;

5-7) регистрация участников «Астана Хаб» и выдача соответствующих подтверждающих документов в соответствии с правилами деятельности Фонда;

5-8) предоставление жилища и создание условий для лиц, проходящих акселерацию в Фонде, в соответствии с правилами деятельности Фонда;

5-9) оказание содействия в проведении и организации мероприятий, направленных на развитие инноваций в корпоративном секторе, в целях совершенствования взаимодействия между участниками инновационного кластера;

5-10) организация подготовки квалифицированных кадров в области информационно-коммуникационных технологий в соответствии с законодательством Республики Казахстан;

5-11) утверждение перечня участников инновационного кластера;»;

11) часть четвертую пункта 4 статьи 9 дополнить подпунктами 3), 4), 5) и б) следующего содержания:

«3) осуществляет координацию деятельности Фонда;

4) разрабатывает и утверждает правила деятельности Фонда;

5) утверждает правила включения юридических лиц, имеющих статус научных организаций, акционерных инвестиционных фондов рискованного инвестирования, организаций образования, технологических парков, отраслевых конструкторских бюро, центров коммерциализации технологий, национальных институтов развития, национальных управляющих холдингов, национальных холдингов, национальных компаний, а также юридических лиц, осуществляющих инновационную деятельность, в перечень участников инновационного кластера;

б) осуществляет иные полномочия, предусмотренные настоящим Законом, иными законами Республики Казахстан, актами Президента Республики Казахстан и Правительства Республики Казахстан.»;

12) в статье 10:

в пункте 1:

подпункт 2) исключить;

дополнить подпунктом 4-2) следующего содержания:

«4-2) членских взносов, вносимых в Фонд участниками «Астана Хаб» в соответствии с правилами деятельности Фонда;»;

пункт 2-1 после слова «участников» дополнить словами «инновационного кластера»;

пункт 3 исключить;

пункт 5 изложить в следующей редакции:

«5. Фонд использует имущество, сформированное в соответствии с пунктом 1 настоящей статьи, для обеспечения деятельности, функционирования и развития инновационного кластера, а также финансирования проектов участников инновационного кластера.».

9. В Закон Республики Казахстан от 24 ноября 2015 года «Об информатизации»:

1) в статье 1:

подпункты 33-1) и 33-2) исключить;

подпункт 55-2) исключить;

- 2) подпункты 24-1) и 59-1) статьи 7 исключить;
- 3) статью 13-1 исключить.

10. В Закон Республики Казахстан от 3 апреля 2019 года «О специальных экономических и индустриальных зонах»:

подпункт 3) статьи 1 изложить в следующей редакции:

«3) управляющая компания специальной экономической зоны – юридическое лицо, создаваемое или определяемое в соответствии с настоящим Законом для обеспечения функционирования специальной экономической зоны;».

11. В Закон Республики Казахстан от 27 декабря 2021 года «О промышленной политике»:

1) пункт 2 статьи 18 изложить в следующей редакции:

«2. Основным видом деятельности технопарков является бизнес-инкубирование, представляющее собой оказание услуг субъектам инновационной деятельности на начальном этапе их функционирования по предоставлению помещений, оборудования, ведению бухгалтерского учета, юридическому, информационному и консультационному сопровождению, привлечению инвестиций, управлению проектами, а также иных услуг, необходимых для реализации инновационных проектов.»;

2) часть первую статьи 24 изложить в следующей редакции:

«Отраслевыми центрами технологических компетенций являются юридические лица, определяемые государственными органами для целей технологического развития соответствующей отрасли, имеющие экспертов с соответствующими компетенциями отраслевого и межотраслевого характера.»;

3) пункт 4 статьи 56 исключить.

12. В Закон Республики Казахстан от 1 июля 2024 года «О науке и технологической политике»:

1) подпункт 4) статьи 18 исключить;

2) пункт 3 статьи 20 дополнить подпунктом 8) следующего содержания:

«8) иные задачи в соответствии с законами Республики Казахстан.».

Статья 2. Настоящий Закон вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования, за исключением подпункта 7) пункта 2, пунктов 3 и 6, абзаца третьего подпункта 1) пункта 9 статьи 1, которые вводятся в действие по истечении шестидесяти календарных дней после дня

его первого официального опубликования.

**Президент  
Республики Казахстан  
К. ТОКАЕВ**



Астана, Акорда, 27 сентабры 2025\* года

№ 220-VIII ЗРК